«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ «КАЗАХСТАНСКИЙ ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СОЮЗ РАБОТНИКОВ ПРОСВЕЩЕНИЯ, НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»

АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 4-т.**

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Маңғыстау облыстық ұйымы» ҚБ кәсіподақ органдары жұмысының кешенді зерделенуі туралы.

Орталық комитет аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Маңғыстау облыстық ұйымы» ҚБ-нің кәсіподақ органдарының жұмысына кешенді зерделеу жүргізу нәтижелері туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті атап өтеді:

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Орталық комитеті сайланбалы органдары мен аппаратының 2026 жылға арналған Перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес 2026 жылғы 13-15 шілде аралығында Орталық комитет аппараты қызметкерлерінің тобы «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Маңғыстау облыстық ұйымы» ҚБ-нің (бұдан әрі – Облыстық ұйым) кәсіподақ органдарының жұмысына кешенді зерделеу жүргізді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Облыстық ұйым 7 филиал мен 354 бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді, олардың құрамында 34 098 кәсіподақ мүшесі бар, оның ішінде 30 029-ы жұмыс істейтіндер саны.

Кәсіподақ органдарының қызметі перспективалық және ағымдағы жоспарлау негізінде жүзеге асырылады. Алқалы басқару органдарының отырыстары Облыстық ұйым жарғысының талаптарына сәйкес тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Кәсіподақтың Съезі, Пленумдары, Атқару комитеті қаулыларының, Облыстық ұйымның басқарушы органдары қаулыларының орындалуын бақылау жұмысы тиісінше ұйымдастырылған.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алу, статистикалық есептілік Кәсіподақтың Атқару комитетінің ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіподақты ұйымдық тұрғыдан нығайтуға, кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру (мотивация) деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлы әрі мақсатты түрде өткізіліп отырады.

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдары еңбек ұжымдары деңгейінде әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуды, еңбек жағдайларын, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын жақсартуды, сондай-ақ, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді өздерінің басым міндеттері ретінде белгілейді.

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдары әлеуметтік әріптестік механизмдерін қалыптастыру бағытында жүйелі әрі тиімді жұмыс жасап келеді. Облыстық салалық өңірлік келісім бар. Облыс әкімдігінің Білім басқармасымен бірлесіп комиссия құрылған. Отырыстар жоспарға сәйкес өткізіледі, отырыстарда қызметкерлердің еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктері туралы сұрақтар қарастырылады.

Кәсіподақ мүшелігімен қамтылған барлық еңбек ұжымдарында ұжымдық шарттар жасалған.

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Облыстық ұйымның штаттық құрылымында: 2 заңгердің штаттық бірлігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инспектордың 1 бірлігі қарастырылған. Мамандар жұмысты лауазымдық нұсқаулықтарға және Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподақ ұйымының Құқықтық қызметі туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылы құқықтық қызмет мамандары **1 161** өтінішті, 2024 жылы – **1 824**, 2025 жылы – **2 222**, ал 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында – **1 070** өтінішті қарады.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2023 жылы **15** тексеру, 2024 жылы – **1**, 2025 жылы – **34** тексеру жүргізілді. Жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша тиісті актілер жасалды. Анықталған бұзушылықтардың жойылуы қамтамасыз етілді. Ұйымдарды бақылаумен қамту 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда 0,3 %-дан 9,5 %-ға дейін өсті.

Құқықтық қызметтің жәрдемдесуімен 5 қызметкерді заңсыз жұмыстан босатудың алды алынды. Кәсіподақ органдарының талап етуімен заңсыз ұсталған немесе төленбеген ақша сомалары қайтарылды: 2023 жылы **74 596 100** теңге, 2024 жылы **61 101 000** теңге, 2025 жылы **31 071 772** теңге.

Кәсіподақ органдары өкілдерінің қатысуымен жеке еңбек даулары қарастырылды: 2023 жылы – **925**, 2024 жылы – **278**, 2025 жылы – **118**.

Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелерін еңбек заңнамасының негіздеріне оқыту белсенді түрде жүргізілуде.

№	Көрсеткіштер	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.
1.	Келісу комиссияларының саны	331	354	356	356
2.	Келісу комиссиясының мүшелері	1 776	1 952	1 968	1 968

3.	Оқытудан өткен комиссия мүшелері	1 776	430	594	1 619

Кәсіподақ активіне әдістемелік және құқықтық көмек көрсету мақсатында Облыстық ұйым еңбекті реттеудің әртүрлі бағыттары бойынша еңбек заңнамасының өзекті мәселелеріне қатысты 8 әдістемелік ұсыным мен жадынама әзірледі.

Кәсіподақ органдары салалық ұйымдар қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша белгілі бір жұмыс жүргізуде. Қызметтің осы бағытындағы көрсеткіштер бойынша оң үрдіс байқалады:

Кезең	Өндірістік кеңестер	Техникалық инспекторлар	ЕҚжЕҚ бойынша оқытудан өткендер
2023 жыл	322	306	306
2024 жыл	341	336	20
2025 жыл	361	356	24

Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру бағытындағы оң өзгерістерді атап өткен жөн. Облыстық ұйымда барлық жерде кәсіподақ активінің тұрақты жұмыс істейтін мектептері құрылған және тиімді қызмет етуде. Сабақтарды өткізуге мемлекеттік органдардың өкілдері, жекелеген білім салаларының мамандары, даярланған кәсіподақ тренерлері тартылады.

Ақпараттық жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде, кәсіподақ идеяларын ілгерілету және халықты кәсіподақ ұйымдарының қызметі туралы хабардар ету мақсатында әлеуметтік желілер қолданылады.

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдары қаржылық тәртіпті нығайту, бухгалтерлік есеп жүйесін жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде. Кәсіподақ мүшелік жарналарын жинау және оларды бөлу мәселелері алқалы органдардың отырыстарында тұрақты түрде қаралып тұрады. Бухгалтерлік есеп «1С: Кәсіпорын - Бухгалтерия 8.3» бағдарламасын жүргізеді.

Облыстық ұйымда бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ мүшелік жарналарының толық жиналуына тексерулер жүргізіледі, кәсіподақ құрылымдарының қаржылық мүмкіндіктеріне талдау жүзеге асырылады.

Облыстық ұйымда іс қағаздарын жүргізу және кадр құжаттамасы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитетінің 2024 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен бекітілген Кәсіподақ органдарында іс қағаздарын жүргізу және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Облыстық ұйымның аппаратында іс қағаздарын жүргізуді цифрландырудың жоғары деңгейі қамтамасыз етілген: Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) тиімді қолданылады, ал Орталық комитетпен құжат айналымы толығымен электрондық-цифрлық платформаға көшірілген. Кіріс, шығыс хат-хабарлары мен азаматтардың өтініштерін тіркеу тәртібі, қарастыру және орындау мерзімдері сақталады. Атқару комитетінің отырыстарында

құжаттамалық қамтамасыз ету және кадр жұмысы мәселелері тұрақты әрі жоспарлы түрде қаралып тұрады.

Оң нәтижелермен қатар, тексеру барысында жоюды қажет ететін бірқатар мәселелер анықталды.

Сонымен қатар, Облыстық ұйымның кәсіподақ органдарының жұмысын кешенді зерделеу барысында жекелеген кемшіліктер мен олқылықтар анықталды. Келісімдер мен ұжымдық шарттар талаптарының орындалуын бақылау бөлігінде қалыптасқан әлеуметтік әріптестік тәжірибесі одан әрі жетілдіруді талап етеді, әлеуметтік әріптестік жөніндегі екіжақты комиссияның қызметін жандандыру және әріптестік процестеріне жекеменшік нысанындағы білім беру ұйымдарын тарту үшін жаңа шешімдер іздестіру қажет.

Құқықтық қорғау мәселелерінде, оң динамикаға қарамастан, жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауына қоғамдық бақылау мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет.

Кәсіподақ оқуының жаңа тәсілдері мен нысандарын іздестіру қажет, саланың барлық қызметкерлері жүйелі оқытумен қамтылуы тиіс.

Кәсіподақ органдары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың бақылау функцияларын ұйымдастыру мәселелерінде толыққанды жұмыс жасамай отыр, олар жүзеге асыратын тексерулердің жиілігі төмен деңгейде.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Маңғыстау облыстық ұйымы» ҚБ кәсіподақ органдарының жұмысына кешенді зерделеу жүргізу нәтижелері туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Кәсіподақ басшылығы (А.М. Мұқашева, В.Ф. Беженаров) кешенді зерделеу барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында Облыстық ұйымға ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетсін.

3. Облыстық ұйымның басқарушы органдары:

3.1. Кешенді зерделеу жұмысының материалдарын барлық филиалдарда және бастауыш ұйымдарда зерделеуді қамтамасыз етсін аталған кемшіліктер мен олқылықтарды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдасын.

3.2. Әлеуметтік әріптестік жүйесінің тиімділігін арттыруға шаралар қабылдасын. **2026 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде** өңірлік салалық келісім мен ұжымдық шарттарды жасасу бойынша келіссөздердің басталуына бастамашылық жасасын, келіссөздер барысында қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, олардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға қол жеткізсін.

3.3. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауына қоғамдық бақылаумен қамтылған білім беру ұйымдарының санын арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдасын. Жүргізілетін тексерулердің тиісті сапасын

және қызметкерлердің құқықтарын бұзу жағдайларының міндетті түрде жойылуын қамтамасыз етсін.

3.4. Кәсіподақтың Орталық және Атқару комитеттерінің кәсіподақ органдарының жұмыс практикасына озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу бөлігіндегі қаулыларын орындау бойынша шаралар қабылдасын.

3.5. Облыстық ұйымды ұйымдастырушылық нығайту жұмысын жалғастыру. Мотивациялық жұмысты кәсіподақ органдары қызметінің басты басымдығы деп санасын. Ақпараттық жұмысты және кәсіподақ оқытуын ұйымдастыру жұмысын жандандырсын.

3.6. Барлық деңгейдегі сайланбалы кәсіподақ органдарының қаржы тәртібінің жай-күйін, бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерінің талаптарын сақтауын, кәсіподақ мүшелік жарналарын жинаудың толықтығы мен оларды бөлу үшін жауапкершілігін арттырсын. Барлық кәсіподақ ұйымдарының бақылау-тексеру комиссияларының тиісті жұмысын қамтамасыз етсін.

4. Облыстық ұйымның төрағасы Т.А. Баймбетова Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратына **2027 жылғы 5 қаңтарға дейінгі мерзімде** кешенді зерделеу барысында берілген ұсыныстар мен ұсынымдардың орындалуы туралы жазбаша ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**